



Г. Уйсинбаева

"Киелі домбыра» кәдесый домбырасын жасау бойынша фестиваль-конкурсты өткізу туралы ереже

Фестиваль – байқау қала мектептерінің оқушылары арасында өткізіледі
Конкурстың ұйымдастырушысы «Жігер» БЖК КМҚК болып табылады.

МАҚСАТЫ:

Балалар мен жасөспірімдер арасында сәндік-қолданбалы өнердің барлық түрлерін дамыту арқылы ұлттық дәстүрлердің қоғамдық санаға маңызын дәріптеу, енгізу және дамыту.

КОНКУРСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- қазақстанның дәстүрлі рухани құндылықтарына баулу арқылы балалардың рухани-адамгершілігін дамыту және тәрбиелеу;
- балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- балалардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- дарынды балаларды анықтау және қолдау;
- балаларды мәдени құндылықтарға баулу;
- көркемдік-бейнелеу қабілеттерін дамыту;

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ:

Байқауға Павлодар қаласы мектептерінің оқушылары қатыса алады. Конкурсқа өтінімдер 2024 жылдың 24-27 маусым аралығында zhiger-konkurs@mail.ru «Жігер» БЖК электронды поштасына қабылданады

Байқауға ұсынылған әрбір жұмыстың этикеткасы болуы керек, онда автордың аты-жөні, тегі, туған күні (толық), шығарманың атауы, оқу орны, оқытушының аты-жөні көрсетіледі.

Конкурстық жұмыстарды конкурстық комиссия қарайды. Байқауға осы Ереженің талаптарына сәйкес рәсімделген жұмыстар қатысады. Ереженің талаптарына сәйкес рәсімделмеген жұмыстарды комиссия қарамайды. Қорытындылар 2024 жылдың 1 шілдесінде Қамзин к-сі 67/1 BaturMall сауда орталығындағы кәдесый домбыра фестиваль-байқауында шығарылады.

ЖАС САНАТТАРЫ:

- кіші жас санаты (5-10 жас);
- орта жас санаты (11-14 жас);
- жоғары жас санаты (15-18 жас).

КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- байқау тақырыбына сәйкестігі
- пайдаланылатын құралдардың жаңалығы, бірегейлігі
- идеяны баяндаудың анықтығы, сапасы мен күрделілігі
- көркемдік тұрғыдан жұмыстардың сапасы
- жарықтығы мен бірегейлігі, түстік шешімі, орындау техникасы;
- жұмысты рәсімдеу мәдениеті;
- тақырыптың шығармашылық шешімі
- табиғи және қалдық материалдардан дайындау.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ:

Фестиваль-байқауда қатысушылардың жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады соның барысында оның жеңімпаздары анықталады (әр жас тобында I, II, III орын). Байқау жеңімпаздары қорытынды құжат ретінде дипломдармен марапатталады. Қорытынды құжат ретінде жеңімпаздардың қатарына кірмеген қатысушылар қатысушының сертификатымен марапатталады.

Өтінім нысаны

№	Білім беру мекемесінің атауы	Қатысушының аты-жөні	Жұмыстың атауы	Жасы	Жетекшінің аты-жөні, байланыс деректері